

## **«Еуразиялық банк» АҚ клиентінің дербес деректерін жинау және өңдеу мақсаттары**

Құрметті клиенттер, олардың басшылары, құрылтайшылары, қатысушылары, өкілдері және Банктің іскерлік қатынастары бар басқа да жеке тұлғалар (жеке тұлға - кәсіпкерлерді қоса алғанда).

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңына сәйкес, «Еуразиялық банк» АҚ өз клиенттерінің, олармен байланысты тұлғалардың, сондай-ақ Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік және өзге де қызметті жүзеге асыру кезінде деректерін алатын басқа да жеке тұлғалардың дербес деректерін жинауды және өңдеуді жүзеге асыратынын хабарлаймыз.

Банк барлық көздерден клиент туралы кез келген ақпаратты, оның ішінде оның дербес деректерін, фото - және/немесе бейнесуреттерді, оның ішінде Банк пен Клиент арасындағы тиісті қатынастардың туындауына қарай келесі мақсаттардың әрқайсысы үшін электрондық, қағаз және кез келген өзге тасығышта тіркелген биометриялық дербес деректерді (бұдан әрі – Дербес деректер) жинайды және өңдейді:

- 1) Клиенттің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің көрсетуі мүмкін банктік және(немесе) өзге де қызметтерді алуға арналған өтінімін қарау үшін;
- 2) Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген банктік және(немесе) өзге де қызметтерді көрсету үшін, оның ішінде: банктік қарыз операциялары, төлем карточкалары бойынша операциялар, банктік және жинақ шоттары бойынша операциялар, кассалық операциялар, металл шоттар бойынша операциялар, есепке алу операциялары, конверсиялық операциялар, кепілдіктермен, аккредитивтермен және кепілгерліктермен операциялар;
- 3) «Қазақстанның жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ға ақпарат беру үшін;
- 4) ақпарат алмасу үшін, оның ішінде клиенттік өтініштерге, шағымдарға, ұсыныстарға, ұсынымдарға, талаптарға, тапсырмаларға және т. б. (және/немесе үшінші тұлғаларға) қарау және (немесе) жауап беру үшін, курьер, курьерлік қызмет, экспресс пошта және т. б. қызметтері арқылы жөнелту (жеткізу)/алу үшін хат-хабарды (поштаны) клиенттің мекенжайына беру (алу) үшін.;
- 5) Клиент пен Банк арасында жасалған шарттар (келісімдер) бойынша банктің талап ету құқықтарын басқаға беруі үшін, егер мұндай басқаға беру Клиент пен Банк арасында жасалған тиісті шарттардың (келісімдердің) талаптарында көзделсе;
- 6) маркетингтік мақсаттар, клиентке кез келген ақпараттық материалдарды, оның ішінде Банктің өнімдері және (немесе) қызметтері туралы, сондай-ақ телефон, факсимильдік байланыс, байланыстың өзге де түрлері арқылы, сондай-ақ ашық байланыс арналары (оның ішінде SMS, e-mail, факс және т. б.) арқылы өзге де хабарламаларды ұсыну (жіберу) үшін;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген (белгіленуі мүмкін) өзге де мақсаттар үшін;